



№23 (10116)  
1 сәуір,  
сейсенбі  
2025 ЖЫЛ

# Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Жәрмеңке

# Сатушыда өкпе жоқ, тұтынушы дән риза



**ЖАЛАҒАШТЫҚ ШАРУАЛАР АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНЕН ЖӘРМЕҢКЕ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ. МҮНДА ТЕК ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІРДЕ КҮТПІП-БАПТАЛҒАН ЖӘНЕ ӨНДІРІЛГЕН ӨНІМДЕР АУДАН ХАЛҚЫНА НАРЫҚТАН 15-20 ПАЙЫЗ ТӨМЕН БАҒАДА САТЫЛДЫ. МОЛШЫЛЫҚ ШАРАСЫНА ОРАЙ ЖӘРМЕҢКЕДЕ КӨНІЛДІ ӘУЕН ДЕ ОЙНАП ТҰРДЫ. БАСТЫСЫ, ҚЫСТАН ҚЫСЫЛМАЙ ШЫҚқан ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРғындар бір-бірімен МӘРЕ-СӘРЕ БОЛЫП, МАЛ-ЖАННЫҢ АМАНДЫҒЫН СҰРАСТЫ.**

Әдеттегідей таң атысымен Абай көшесі бойына жиылған халықтың қарасы қалың. Бәрінің мақсаты – сапалы және арзан бағада ұсынылған өнімдерді артығымен сатып алу. Бұл жолы аудан тұрғындарына 15 автокөлікпен 59,2 тонна азық-түлік өнімдері ұсынылды. Оның ішінде облыс өкімінің тапсырмасына сәйкес «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясынан 15 тонна картоп, 10 тонна пияз және күнбағыс майы төмен бағамен сатылды.

Жәрмеңкеде аудан әкімі Ардақ Ибраимов жергілікті өнімдердің бағаларымен танысып, нарық бағасынан төмен бағада ұсынған сауда иелеріне алғыс білдірді. Жалпы баға тұрақтылығын бақылау жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын тауып, сол арқылы бағаны себепсіз өсіруге жол берілмейді. Мұны аудан басшысы жеке қадағалауына алған. Жалпы аудан орталығында азық-түлік тауарларының қоры жеткілікті, тапшылық жоқ.

Кент тұрғыны Сәбит Досов жәрмеңкеде отбасылық азығын қамдап алуды едетке айналдырған. Ол мұнда ең бірінші өнімнің қай түрі өтіп кететінін де жақсы білетін көрінеді. Маржандай күршімізді, Мақпалкелдің алмасы, Қаракеткеннің балығы, өзіміздің тұзды етімізді жергілікті тұрғындар таласа саудалайтын өнімдер десек, артық айтқанымыз емес. Жүк көліктеріне тиелген бақша өнімдеріне қарама-қарсы орналасқан сәреде үл-

кен жайынды таразыға тарттырып жатқанына куә болдық. Кейін сұрағанымызда бұл кент тұрғыны күзде ұйымдастырылған жәрмеңкеде де осындай үлкен жайынды саудалаған екен. Балық етінің демі отбасына ұнап, тағы да сатып алуға келген.

– Жергілікті кәсіпкерлер ұйымдастыратын жәрмеңкеден жыл сайын қажетті затымызды арзан бағада сатып аламыз. Тіпті өзімді бұл ауданның сала өкілдері өндіретін өнімдердің тұрақты тұтынушысымын десе де болады. Тек биыл жылдағыдан сәл көш келдім. Әсіресе Қаракеткеннің балығы ұнайды. Бірінші саудамды осы балық алудан бастап жатқаным да сондықтан. Әдеттегідей барлық өнімнің нарық бағасынан арзан екенін анық байқауға болады. Қазір картоп, пияз, асқабақ секілді бірқатар бақша дақылы мен ет өнімдерін молынан аламын. Мұнда тіпті қорада мал ұстайтын жандар үшін де мал азығы жеткізіліпті. Оның да бағасы нарықтан әлдеқайда төмен. Жалағаштықтар шаруа адамдары бізге осындай сапалы өнімдерін ұсына берсін деп тілейміз. Ұйымдастырушыларға алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді кент тұрғыны Сәбит Досов.

Мұнда бос жүрген бір адам көзге түспейді, барлығының қимылы шалт. Сатушы бір тұтынушының қоржынын сапалы өніммен толтырса, кезекте 4-5-еуі тағы тұр. Осыдан-ақ кент, ауыл аймақтардан жеткізілген әрбір өнімнің бағасы қалтаға қонымды, сапасы да

жоғары екенін анық байқауға болады. «Елде болса, өрінге тиеді» деген осы шығар, сіре. Сатушыда реніш жоқ, тұтынушы да дән риза.

– Аудан орталығында жәрмеңке өтеді деген соң, сонау Жаңадария ауылынан өз өнімimizi әкелдік. Негізінен бақша өнімдері, картоп, қауын-қарбызды тұрғындарға ұсынудамыз. Өздеріңіз білесіздер, Жаңадария ауылы бақша дақылдарын егуге өте қолайлы, топырағы құнарлы, бүгінде аяқсу жолдары бір жүйеге түскен. Әсіресе қауын-қарбыз табиғи ауа райымен, яғни ешқандай қоспасыз, жаз бойы күннің ыстығымен ерекше пісіп-жетіледі. Алайда қауын-қарбызымыз қысқа дейін толықтай өтіп кетті. Енді міне, картоп, асқабақ өнімдерін сатудамыз. Бастысы, сапалы өнімге сұраныс жоғары, – дейді шаруа адамы Рысбек Илиясов.

Айта кетейік, биыл мерекелі жылды аудан шаруалары мол табыспен қарсы алды. Былтыр жыл қорытындысымен облыс бойынша ауданымыз агро-кәсіпкерлік кешенін дамытуда ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, «Үздік аудан» номинациясына ие болды.

Жандос ЖАЗКЕН

## Өнеге

# Еңбек ардагері – асыл қазынамыз

Зейнетке шығу – әр адамның өміріндегі маңызды кезеңнің бірі. Жастық шағын еңбекпен өткізген әр адамның құрметпен зейнетке шығуы – абырой, кейінгіге үлгі боларлық дәреже. «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында «Аманат» партиясы аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Аламесек», «Еңбек», «Аққұм», «Мәдени мұра», «Дарын», «Денсаулық» бастауыш партия ұйымдарынан бірқатар партияласты құрметті зейнет демалысына шығарып салу рәсімі өтті. Іс-шарада ардагерлердің еңбегі ескеріліп, құрмет көрсетілді. Тағылымды шарада партияның аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева мен аудандық мәслихаттағы «Аманат» партиясы фракциясының жетекшісі Гүлзат Құрманбаева еңбек озаттарын зейнет жасына шығуымен құттықтап, облыстық филиалдың төрағасы Алмасбек Есмахановтың алғыс хатымен марапаттады.



– Ардагер партияластарымыздың мағыналы да мазмұнды өмір жолдарында ардагер атанып, өмір асуларынан аман асып, әдемі қарттық кезеңге жеткен, ұрпақтары өсіп-өніп, өркен жайған алып бәйтерекке айналып, үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқасүйері болып отырғанына бүгін куә болудамыз. Еңбек ардагерлері – біздің асыл қазынамыз. Сондықтан да біз аға буын өкілдерінің ақыл-кеңесіне, ұсыныс-пікірлеріне әрдайым назар аударып, күнделікті жұмысымызда ескеріп отырамыз. Міне, егемен ел болып, бүгінде еңсе тіктеп, аудан дамуы жолында еңбек еткен партияластарымызды ашық аспан астында құрметпен зейнеткерлікке шығарып салудамыз. Сіздер еңбек жолдарыңызда қаншама қайырлы істер жасап, Жалағаштық қоғамдық өміріне белсене араластыңыздар. Жалпы бүгінгі игіліктерге сіздер секілді қарапайым еңбек адамдары өлшеусіз үлес қосты. Олар – бірімізге замандас, бірімізге аға, бірімізге өпке. Қарапайымдылықтарыңыз соншалық, еңбектеріңізді саудаға салмай, елге пайдасы тигенін бір бақыт деп өмір кешудесіздер. Енді алдағы уақытта зейнеткерлік өмірлеріңізде ауданның қоғамдық өміріне белсене қатысып, бүгінгі жас ұрпаққа даңғыл жол көрсетеді деп үлкен сеніммен айта аламын. Бұл шара – ел дамуына үлес қосқан азаматтарға деген шынайы алғыс пен құрметтің белгісі. Ардагерлерімізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр және отбасылық бақыт тілейміз – деді «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы.

Жалаасы 4-бетте

## Сараптама



Фото: ашық дереккөз

# Жарқын жобалардың жолашары

**Ауыл шаруашылығы ел экономикасындағы басым саланың бірі болып табылады. Сондықтан экономикамыздың көтеріліп, халықтың әл-ауқатын жақсартудың негізгі тетігі ауылды, ауыл шаруашылығы саласын түбегейлі дамытуда екені белгілі. Яғни ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді жолға қойсақ, азық-түлік бағасы да тұрақталады. Бір сөзбен айтқанда, ауыл көркейсе, дала гүлденіп, елдің екінші тынысы ашылады.**

### Халықтың 38 пайызы ауылда тұрады

Ауылдық жерлерде ел тұрғындарының 38 пайызы тұрады, бұл шамамен 7,6 млн адамды құрайды. Олай болса, ауылдағы жұрттың кірісін арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру мемлекеттік саясаттың басым міндеттері болып табылады.

Осы орайда Президенттің тапсырмасы бойынша 2023 жылы іске қосылған «Ауыл аманаты» бағдарламасы көптеген адамдар үшін өз кәсібін бастауға, оны дамытуға, өз өңірінің дамуына үлес қосуға мүмкіндік берді.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы кәсіпкерлікті дамыту үшін, әсіресе мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы салаларында пайыздық

үстемақысы жеңілдетілген неісе беру арқылы ауылдық жерлер мен шағын қалалар тұрғындарын қолдауға бағытталған. Несиелер 2,5 пайызбен 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін 7 жылға дейін беріледі. Қарыздың ең жоғары сомасы 2,5 мың АЕК, ал ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту үшін 8 мың АЕК-ні құрайды.

### 8,1 мың жаңа жұмыс орны ашылды

Биыл жаңа шағын неісе беруге және 8,1 мың жұмыс орнын құруға 50 млрд теңге қарастырылған. Бүгінде мамандардың айтуынша, рәсімдердің ашықтығын, өтінімдерді өңдеуді біріздендіруді және деректердің егжей-тегжейлі мониторингін қамтамасыз ететін микрокредиттеудің ақпараттық жүйесін енгізу жоспарлануда. Жүйе мемлекеттік деректер базасымен интеграцияланады, бұл бағдарлама жұмысының тиімділігін арттырады және өтімін беру мен кредит алу үдерісін жеделдетеді.

Жалаасы 4-бетте





# Еңбек ардагері – асыл қазынамыз

Келелі кездесуде еңбек ардагерлерінің өткен өмір жолдарынан естеліктер айтылып, зейнеткерлікке шыққан азаматтар өткен бір уақыттарға қайтып оралғандай қуанып қалды, алғыс жаудырды.

– Бүгін менің туған күнім. Көңіл күйім керемет. 1964 жылы Жалағаш ауданы Ақарық ауылында дүниеге келдім. Жамбыл қаласындағы мәдени агарту училищесін 1984 жылы бітіріп, алғашқы еңбек жолымды Еңбек ауылындағы №5 балабақшада музыка жетекшісі болып бастадым. 1988 жылы Ақарық ауылдық мәдениет үйіне көркемдік жетекшісі, 2002 жылы Ақарық ауылдық мәдениет үйінің директоры, 2014 жылдан «Ақарық ауылдық мәдениет үйі» КМҚ кәсіпорнын басшысы қызметтерін абайсыман атқардым. 2017 жылы мәдениет саласына үлес қосқаным үшін аудан әкімінің «Мәдениет саласының үздігі» номинациясын иелендім. Былтыр Мәдениет және өнер күні қарсаңында «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталдым. Шүкір жұмысым мен отбасылық өмірімді де қатар алып жүрдім. Бүгінде әжемің, 3 немеремнің қызығын көріп, тәрбиелеудемін. Еткен еңбектің еленгені кімге болса да қуаныш, көңілге үлкен медет. Қуаныштарыңыз құтты болсын. Зейнет демалыстарыңыздың әр күні шалқын шаттыққа, ұл-қыздардың ортасында балқыған бақытқа толысын! Өмір жолдарыңыз ұзақ болып, көрген бейнеттеріңіздің зейнеті денсаулық, бақыт, байлық алып келсін, – деп ағынан жарылды еңбек адамы Рәйкул Қалменова.



қолдау көрсетіле беретінін жеткізіп, ардагерлерді зейнеткерлікке шығуымен құттықтады.

– Мұнан кейін аудандық ардагерлер кеңесінің мәжіліс залында арнайы кездесу өтіп, ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев ардагерлердің еңбегіне ерекше тоқталып, оларға арнайы сыйқұрмет көрсетті.

– Біз – тәуелсіздік пен береке-бірліктің несібесі бұйырған тарихы терең, тағылымы мол халықтың ұрпағымыз. Осындай қарапайым еңбек адамдарымыз қажырлы еңбегінің арқасында еліміз көп жетістікке қол жеткізді. Оны әр азамат білуі және құрметтеуі керек. Жалпы бұл шара – ардагерлерге деген шынайы ырыс-шылық пен құрметтің көрінісі. Құрметті ардагерлерімізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр және амандық тілейміз, – С.Әлиев.

Айта кетейік, аудандық ардагерлер кеңесінің бүгінде 79 бастауыш ұйымы бар, ол 4044 зейнеткердің басын біріктіріп отыр. Аудандық ардагерлер кеңесі

жол мәдениеттің биік шыңы да осы кітапқа жатқанын атап өтіп, ардагерлер сыйлаған әрбір кітап өз оқырманын табатынына сенім білдірді. Сонымен қатар Қ.Шоңмурынқызы өңірімізде мәдениет пен руханиятты қолдау бағытында партия мен жергілікті өкімдік тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат беріп, қатысушылардың ұсыныс-пікірлерін де тыңдады. Өз кезегінде ардагерлер қауымы құрмет пен сыйластықтың белгісі ретінде тағылымды шараны ұйымдастырып жатқан партия өкілдеріне батасын беріп, шексіз алғыс білдірді.

Адал еңбек еткен ардагерлерге осындай көңіл-күй сыйлау сәтінде күй болған өзіміз де қуанып, олардың ғибратты ғұмыры жастарымызға үлгі бола бергей деп қоштастық.

Жандос ЖАЗКЕН  
 Басы 1-бетте



## Жарқын жобалардың жолашары

120 млрд теңге бөлінді

2023-2024 жылдары бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 120 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражат 107,9 млрд теңге сомасына 16,2 мыңнан астам шағын несие беруге мүмкіндік берді, 17,8 мың жаңа жұмыс орны құрылды. Бағдарламаны іске асыру басталғаннан бері өңірлерде 540-тан астам ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылды, олардың 537-сі 12,1 млрд теңге қаржылай қолдау тапты.

Бағдарламаның негізгі элементі облыс өкімдіктеріне қосымша бюджет қаражатын тартпай, кәсіпкерлікті дамыту және кірісті ұлғайту үшін ауыл тұрғындарының шағын несиегерлерге қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік беретін револьверлік кредиттеу тетігі болып табылады. Қарыз алушылар револьверлік әдіспен қайтарған қаражат есебінен қосымша 7 млрд теңге сомасына 1 мыңға жуық микрокредит берілген. Жалпы жоба басталғаннан бері қатысушылар 1,2 млрд теңге салық төлеген.

Несие алу жолы жеңілдетілген

Қазіргі таңда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда тауарлық кредиттер беру тетігін іске асыру жөніндегі жол картасы бекітілді. Бұл тетік бизнестің өлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде жүзеге асырылады, ал ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге арналған ауыл шаруашылығы жануарлары, жабдықтар, көшеттер және басқа да құралдар түріндегі тауарлық кредитті орта және ірі ауыл шаруашылығы бизнесінің өкілдері АӨК субъектілеріне және жеке тұлғаларға, оның ішінде жұмыссыздарға және кепілді мүлкі жоқ атаулы өлеуметтік көмек алушыларға беретін болады. Әрине, бұл құрал сайып келгенде, ауыл халқының табысының өсуіне және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Өңірлерде тауарлық несие ретінде 300-ге жуық жылқы, 1600 ірі қара және 4,5 мыңнан астам уақ мал бөлінген.

Облыста 601 жоба жүзеге асырылды

Аймақта «Ауыл аманаты» жобасы аясында соңғы 2 жылда 4,3 млрд теңгеге 601 жоба жүзеге асырылып, 917 жаңа жұмыс орны ашылған. Әрине, бұл ауқымды жұмыстың нәтижесі еңі анық, алайда бұл межеге тоқмәйісуге тағы болмайды. Сондықтан быыл тағы 815 жобаны іске қосып, сол арқылы мыңнан астам жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Еске салайық, өткен жылы «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында 49 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар «Жұмысшы мамандықтары» жылы аясында биыл агро-индустриялық жобаларға қажет мамандар даярлау үшін мемлекеттік тапсырыс саны 5 308 орынға дейін ұлғайтылған.

Жалағашта 325 жоба қаржыландырылды

Ауданға келетін болсақ, 2023 жылдан бастап «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру жұмыстары сәтті жүзеге асырылып келеді. Мәселен, былтыр шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 972-ге жетіп, бүгінде оның 2 839 субъектісі немесе 95,5 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Сондай-ақ қаржы институттары арқылы аудан кәсіпкерлері ұсынған 325 жоба 5 млрд 132 млн теңгеге қаржыландырылып, 176 жаңа жұмыс орны ашылған.

Мұнан бөлек «Байқоңыр ӘКҚ» ҰҚ» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында қаржылық қолдауға ие болу үшін әртүрлі бағыттар бойынша 268,4 млн теңгені құрайтын 48 жоба «Ауыл аманаты» цифрлық платформасына енгізілген. Оның ішінде 60 млн теңгені құрайтын 11 жоба қаржыландырылып, 11 жұмыс орны құрылды. Сондай-ақ өткен жылы желтоқсан айында 43 млн теңгені құрайтын 10 жоба комиссияда мақұлданып, қаңтар айының басында толық қаржыландырылған.

Нақтырақ айтсақ, ауданда өңдеу саласын дамыту мақсатында жеке кәсіпкер Халық Серіктің жеке қаражаты есебінен жалпы құны 300 млн теңгені құрайтын «Ақкіет» құрылыс қоспаларын шығару цехы іске қосылды. Сонымен қатар «Таң ЛТД» ЖШС-ның жалпы құны 422 млн теңгеге «Өндірістік база» цехының құрылысы жүргізілуде, жақын уақытта іске қосу жоспарлануда. Цех мақсарыдан май, жүгеріден ұн және құрштын кеспе өнімдерін шығаруды қолға алмақ. Сондай-ақ өндіріс арқылы 22 жұмыс орны ашылады.

Тағы да айта кететін жайт, аудан орталығынан өткен жылы кәсіпкерлердің бастамасымен құны 600 млн теңгені құрайтын 3 сауда орталығы ашылып, ел игілігіне берілді.

Ж.МАХМҰТҰЛЫ

Басы 1-бетте

### Мейрам

# Тартысқа толы дода

Қасиетті Рамазан айының аяқталып, «Ораза айт» мерекесі қарсаңында аудандық «Иманқұл» мешітінде мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Бұл күні жергілікті жұрт аудандық мешітке таңертең жиналып, Айт намазына жамағатпен қатар тұрып, сөзге бас иді. Намазда соң ауданның бас имамы Нұрдуәлет Жалғасбекұлы жамағатты Ораза айт мерекесімен құттықтап, Рамазан айында ораза ұтап, сауапты амалдарды орындаған азаматтарға алғысын жеткізді.



Мұнан кейін мерекелік шара спорттық сайысқа ұласып, мешіт жамағаты имандылық үйінің ауласына жеміс көшеттерін егу акциясына қатысты.

Спорттық шараға арнайы келген аудан әкімі Ардақ Ибраимов жалағаш-

осы қасиетті мейрам күллі мұсылман қауымы үшін айрықша маңызды. Рамазан айына жалғасқан бұл жарқын мереке қастерлі дініміздегі мейірім мен шалапат, жанашырлық пен қамқорлық сияқты асыл құндылықтарды дәріптейді. Ораза айт әр адамның жүрегіне иман нұрын сеуіп, ізгілікке үндейді, жұртты жақсылыққа жетелеп, қоғамды игі істерге жұмылдырады. Сол арқылы халқымыздың береке-бірлігін нығайтып, ырыс-ынтымағын арттырады. Баршаңыз айттан-айтқа аман-есен жете берейік! Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін! Әр шаңырақ шуаққа бөленіп, қуанышқа келесін! Ораза айт құтты болсын! Киелі Жалағаш жері өркендей берсін, – деді Ардақ Әбдіғалпарұлы.

Сондай-ақ аудан басшысы қол күрес сайысының финалдық кезеңін тамашалап, «Алтын күз – 2025» облыстық спартакиадасына дайындықты қазірден бастау қажеттігін айтты.

Жалпы спорттық шараға Жалағаш кенті және ауылдық округтерден 16 команда қатысып, 4 спорт түрінен, яғни қазақ күресі, қол күресі, арқан тарту, бір тасын көтеруден сайысқа түсті.

Спорттық сайыс тартысты және жоғары деңгейде өтті. Сонымен ке-

рермен үшін қызық та болды. Жарыс нәтижесі бойынша I орын иеленген Ақсу ауылдық округіндегі «Беркінбай көлпеге» мешітінің командасына 100 мың теңге, II орынды қанжығаға басқан Дәуімбай елді мекеніндегі «Әр-Рахим» мешітінің командасына 70 мың теңге табысталды. Ал үздік үштікті Бұқарбай батыр ауылдық округінің «Бұқарбай батыр» мешітінің командасы түйіндеп, 50 мың теңге қаржылай сыйлыққа ие болды. Сондай-ақ спорттық шараға қатысып, белсенділік танытқан 13 команда 15 мың теңгеден қаржылай сыйлыққа ие болды.

– Бүгін мен үшін ерекше күн. Бір көтеру сайысында жеңімпаз атанып, өзімді мақтан тұтып отырмын. Спортпен шұғылдану тек физикалық күшті арттырып қана қоймай, болашаққа деген сенімділікті де нығайтады. Алға қойған мақсатым көп. Бүгінгі тартысты жарыс көңілдімді көтеріп, серпіліс берді. Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз. Ораза айт құтты болсын, – деді жеңімпаз Нұрлан Сенбеков.

Спорттық жарыстан кейін мешітке Ораза айт мерекесіне орай дастархан жайылып, жамағат астан дем татты.

ЖАРЫН



тықтарды мерекелен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Баршаңызды Ораза айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Рухани тазарумен жаңаруға жолашатын

Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
 Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
 Бас редактор  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:  
 Бас директор - 8(7242) 70-00-56  
 Бас редактор - 32-0-41  
 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қолдау қызметінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркелініп, №17662-Г куәлігі берілген.  
 «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
 Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
 Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
 Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
 Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады.  
 Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
 Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №515